



120400, Қазақстан Республикасы, Қызылорда  
облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті,  
Әйтеке би көшесі, 93 «б»-үй

120400, Республика Казахстан,  
Кызылординская область, Казалинский район,  
кент Айтеке би, улица Айтеке би, дом 93 «б»

15.12.2021 жыл № 12-21-22

**ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Жақып Қажыманұлы Асанов**

«Заң Заңғары» құқықтық компаниясы  
Есбергенов Рауан Камаладинович

**Құрметті Жақып Қажыманұлы!**

Мен, өзім құқық саласында қызмет етемін. Адамдардың мұң-мұқтажымен сотқа жүгінеміз.

Қазір кредит мәселесі өткір тұр. Кредит берген ұйымдар болсын, Коллекторлық агенттіктер болсын сотқа талап арыз тапсырғанда көптеген процессуальдық олқылықтарға жол береді.

Оны ашып көрсеткенмен, құқық нормалармен дәйектегенмен өкінішке орай бір заңды Еліміздің соттары әртүрлі түсініп, қолданады.

Мысалы, кредит бойынша талап қоюшылар сотқа дейінгі тәртіпті сақтай бермейді. Сақтағанын растайтын құжаттар тапсырғанда формалдікке жол береді. Соттардың бұл мәселен немкетті қарайтынына үйреніп алған. Соған иек артады.

Олар дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтағанын растау мақсатында заң талаптарына сәйкес келмейтін хабарламалар тапсырады.

Оны қарыз алушыға жібергенін және оның алғанын растайтын дәлелдерді тіркемейді. Тіпті хабарламалардың түпнұсқасын да тіркемейді.

Кейде сол хабарламаларды Қарыз алушыға жібердік деп, поштаның Трек нөмірді көрсетеді. Алайда, дәл сол Хабарламаны конвертке салып, сол жөнелтіліммен жібергенін растайтын дәлелі тағы болмайды. Яғни, сол Хабарламаны конвертке салғанын растайтын Салу – тізімі (Опис вложения) болмайды.

Өкініштісі соттар мұны назарға алмайды.

Қуанышымызға орай Алмалы ауданының №2 аудандық сотының судьясы **Асқаров Жомарт Асқарұлының** төрелік етуін көрдік.

Мәселенің мәнін көріп, дереу шешім қабылдап, сот билігінің пәрменділігін көрсетті. Коллектордың сотқа дейінгі тәртіпті сақтамағынын және оны растайтын дәлелдерді тіркемегенін дереу назарға алды.

Айтылғандарыдың заңға сәйкестігін жылдам ұғынып, шешім қабылдады. Нәтижесенде тараптар сандалмайтын әрекет жасалды.

Судьяның істі жүргізу мәнері тәнті етті. Себебі, өктемдік жоқ. Ойынның сөздермен жеткізді. Бұл біліктілік пен сауаттылықтың ажары. Мәселені былықтырмай, құйтырқылыққа жол бермей төрелік етті.

Сонымен бірге сот хатшысы **Несіпбек Бексұлтан Сатбайұлы** істі қарауға дайындау кезінде өзін жақсы жағынан көрсетті. Әп дегеннен әңгімені қазақ тілінде бастады. Сонысы ұнады. Өйткені мемлекеттік орган қызметкерлері Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуі керек.

Оның әдептілігі сот қызметкеріне жарасымды.

Соттар бір қателік жасаса шағым жазуға ерінбейміз. Олардың жақсылығын айтуға келгенде енжар боламыз.

Көңіл толтырған сот пен оның хатшысының әрекетіне риза болып, олар жақсылығын айтып отырмын.

Алла разы болсын!

**Есбергенов Рауан Камаладинович**

